

ӘОЖ 321

М.А. Мекебаева, Н.А. Сaitова*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: ninasait@mail.ru

Саяси реформаланудың қазақстандық моделі

Мақалада автор Қазақстандағы жаңғырту процесінің алғышарттарын, мазмұнын және оның салдарын зерттеуде. Саяси реформалардың қазақстандық моделін, сананың белгілі бір түрінің қалыптасуына және қоғамдық институттардың өзгеруіне әкеліп соқтыратын индивидтердің жүріс-тұрыс тәжірибесін анықтауға апаратын саяси сананың және саяси мәдениеттің қалыптасуынсыз қарастыру мүмкін емес. Социомәдени жаңғыртудың нәтижесі болып табылатын тұлғаның жаңа түрін қалыптастырмай макродеңгейде жасалған жаңғыртушылық инициативалардың ешбіреуі тиімді болмайды.

Түйін сөздер: саяси жаңғырту, саяси реформалау, құндылықтар жүйесі, азаматтық қоғам, жаңғырту теориясы, этникааралық келісім, саяси сана және мәдениет.

M.A. Mekebaeva, N.A. Saitova

The model of political reform of Kazakhstan

The article opens pre-conditions, content and chronologic scopes of modernisation and post-modernisation processes. The Kazakhstan model of political reform can't be considered without forming of political consciousness and political culture which assist forming of certain type of consciousness and qualificatory behavior practices of individuals that leads the corresponding change of public institutes. No modernisation initiatives worked out on a macrolevel can be productive without forming of new type of personality, being the product of sociocultural modernisation.

Key words: political reform, political modernisation, political culture, political consciousness, theory of modernisation, ethnic consent, civil society, system of values.

M.A. Мекебаева, Н.А. Сaitова

Казахстанская модель политической реформы

В статье рассматриваются предпосылки, содержание и хронологические рамки модернизационных и постмодернизационных процессов. Казахстанскую модель политической реформы невозможно рассмотреть без формирования политического сознания и политической культуры, способствующих формированию определенного типа сознания и определяющих им поведенческих практик индивидов, влекущих за собой соответствующее изменение общественных институтов. Без формирования нового типа личности, являющегося продуктом социокультурной модернизации, никакие модернизационные инициативы, разработанные на макроуровне, не могут быть продуктивными.

Ключевые слова: политическая реформа, политическая модернизация, политическая культура, политическое сознание, теория модернизации, межэтническое согласие, гражданское общество, система ценностей.

Қазақстандағы жаңғырту процесі. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстанның жаңа тарихының басты мағынасына айналған пост-социалистік модернизация деп аталатын өтпелі кезеңі басталды. Посткеңестік кезең кеңестік

тоталитаризммен біржола айырылып, Қазақстан дәстүрлі қоғамнан осы заманғы социумге өтіп, аяқталмаған индустриалды жүйеден постиндустриалды фазаға бет бұрды. Сөйтіп, Қазақстан демократизацияның жаһанды процесіне, яғни

оның «үшінші толқынына» қадам басты. Осының бәрі бірнеше саяси реформаларды жүзеге асырғанда ғана мүмкін болатын.

1990 жылдардың ортасында нақты таңдау жасалғанын Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Біздің таңдауымыз анықталды, мақсат нақтыланды. Бірақ алдымызда демократиялық даму моделін таңдау мәселесі түр» деп айтқан еді [1].

Саяси реформалаудың зерттеу модельдерінің біріне «вестернизация» жатады. «Вестернизацияның» батыс елдерінде саяси институттарды құру идеясымен тығыз байланысты саяси модернизация теориясымен тікелей қатысы бар. Кейбір елдерде (Үндістан) вестминстерлік институттар қабылданса, басқа елдерде (Сенегал) француздық президентизм қабылданды, бірақ ешқайсысында да бұрынғы метрополиалардың саяси жүйесінің толық аналогы жоқ. Өмір вестернизациялық схеманы ала қоймады. 1960 жылдардың соңы мен 70-жылдардың басында екі түрден тұратын элитаристік-авторитарлық деп аталатын жаңа мектеп пайда болды. Біріншісі, экономикалық өсім болу үшін демократияны құрбандыққа шалу керек деген «даму диктатурасы» концепциясымен, екіншісі тәртіп идеясымен байланысты. Осы идеялар толығымен С. Хантингтонның «Өзгеріп отыратын қоғамдардағы саяси тәртіп» деп аталатын кітабында көрсетілген. Автор саяси институттардың модернизацияның оның демократизация деңгейімен байланыстырмайды, саяси өмірге белсенді қатысушы бұқара халықтың күрес жүргізуіне және үнемі өзгiске ұшырап отыратын әлеуметтік мақсаттардың бейімделуіне кепіл бола алатын мықтылығы мен ұйымдасуына байланысты деп айтып кеткен болатын. Оның ойынша, мықты тәртіп қана нарыққа және ұлттық бірлікке өтуді қамтамасыз ете алады. Сондықтан да жаңғырту өте жақсы орталықтандырылған саяси институттарды керек етеді.

С. Хантингтон зерттеу барысында даму процесін араларында шиеленіс және қақтығыс оңайлықпен туындайтын әлеуметтік-экономикалық даму, тұрақтылық, теңдік және қатысу деген факторлары бар ішкі саяси жүйемен үйлестіруді талап етеді деген қорытындыға келді. Басым факторларды таңдау өзінің үстемдігін ұзартуға, халықаралық мойындау, ішкі толқулардың болу мүмкіндігін азайтуға күштар басқарушы элитаның сипатына байланысты.

Саяси жаңғырту теориясындағы келесі бағыт либералды болып табылады: бұл орталық-

тандырылған институттар көмегімен саяси тәртіпті қамтамасыздандыру деген емес, керісінше билік иелерінің қарапайым халық арасындағы үнемі болып тұратын диалогқа көңіл бөледі (альтернативті бағдарламалары бар демократиялық сайлаулар туралы әңгіме болса немесе элита халықты мобилизацияласа да). Осындай диалогтарды ұйымдастыру ашық әлеуметтік және саяси жүйеге қарай бет алуы білдіреді. Әлеуметтік жіктер мен әлеуметтік мобильділіктің арасындағы қалқаны бұзу да осы қозғалысқа жатады, саяси салада әкімшілік және саяси топтар мен институттар арасындағы тиімді координацияны білдіреді, өйткені көптеген қоғамдарда саяси биліктің бюрократиясы, саяси топтардың (партиялар, заң шығарушы орган және т.б.) ықпалына қарағанда маңызға ие.

Бүгін жаңғырту концепцияларының өзінде әдістемелік және концептуалдық жақтарында өзгерістер болып жатыр. Жаңашалану стратегиясында әртүрлі елдердің социомәдени дәстүрлерін ескеру жаңғырту теориясының ескі аясынан шығып кетті. Қазіргі кезде әлеуметтік зерттеулердің ерекше бағыты ретіндегі жаңғырту теориясы өзгертілген түрде кең ауқымды және көп жақты концепцияларына интеграцияланды, мысалы, постмодернизация теориясы алатын болсақ.

Сонымен, қазіргі саясаттануда саяси реформалардың жалпы моделін, демократия генезисі моделін құрастыру барысында бір авторлар құрылымдық факторларға көңіл аударса (ең алдымен мемлекет және ұлт құрушы, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-құндылық жағдайларына және демократияның алғышарттарына), басқалары – процедуралық факторларға (әсіресе демократизация процесін өткізуші саяси факторлардың нақты шешімдері мен әрекеттерінің таңдауы мен өту барысына).

Ресейлік зерттеуші А. Мельвил ұсынып отырған зерттеу моделінің «себептер иірімі» атты теоретикалық-әдістемелік синтезге ерекше көңіл аударғанды талап етеді. Осы әдістемелік схема бойынша демократиялық транзиттің өту барысына әсерін тигізетін факторлар – режимнің алғашқы либерализациясынан жаңа демократиялық институттар мен процедураларға дейін келесідей ауыспалы жеті деңгейді талдауды талап етіп отырған сияқты:

1. Сыртқы халықаралық орта (әлемдік экономикалық жағдай, саяси-стратегиялық жағдай және қатынастар, мемлекетаралық және халықаралық мемлекеттік емес бір-бірімен байланыс, «уақыт рухы»).

2. Мемлекет және ұлт құрушы факторлар (біртұтас территория және мемлекет, ұлттық бірегейлік сезімі және т.с.с.) – демократия құру жолындағы жағдайлар мен алғышарттар есебінде.

3. Дамудың жалпы әлеуметтік-экономикалық деңгейі және модернизация немесе қоғамды «эгалитарландыру» деңгейі.

4. Әлеуметтік-класстық процестер мен жағдайлар (дифференциация кезеңі және әлеуметтік құрылымның дамуы, класстар және қоғамның әлеуметтік конструкциясын «ұстаушылар» арасындағы бір-бірімен қатынас).

5. Социомәдени және құндылықтар факторлары, басқаша айтқанда қоғамда басым болатын мәдени-саяси құндылықтар мен бағдарлар.

6. Саяси факторлар мен процестер (партиялар, қоғамдық-саяси қозғалыстар мен қысым топтар арасындағы бір-бірімен әрекеттестік, сонымен қатар, ұйымдасқан, жаңа саяси институттары бар, осы саяси субъектілердің демократиялық процедуралармен келісуі, олардың стратегиясы мен тактикасын таңдау).

7. Индивидуалды немесе жеке саяси-психологиялық факторлар (нақты әрекеттер және маңызды саяси факторларды жігермен шешу, сонымен қатар олардың «харизматикалығы») [3].

Жоғарыда көрсетіліп кеткен тәсілдер әртүрлі елдердің демократияға көші спецификасын мойындай отырып, салыстырмалы талдау негізінде ортақ белгілерді анықтауға мүмкіндік береді.

Демократия туралы сөз қозғағанда, оның сапалы жағын ғана қарастырып қоймай, оның түрлерінің ерекшеліктерін, қызмет ету спецификасын, посткеңестік қоғамдарда қалыптасып келе жатқан саяси жүйелер мен режимдер арасындағы мағыналы өзгешеліктерді де қарастыруымыз керек.

Мысалы, ресейлік зерттеуші В. Гельман посткеңестік елдердегі саяси трансформацияларды режимдердің өзгеруінің «табиғи эксперименті» ретінде қарастырған. Оның болжамы бойынша, осындай өзгерістердің көп варианттылығы элитарлық қақтығыстардан көрінеді. Бұл көріністер құрылымдарға («өткеннің мұрасы» және ресурстарды үйлестіру) және агенттерге (элиталар, олардың өкілдері және стратегиясы) байланысты. Элитарлық қақтығыстар сценариясы режимдер өзгеру барысында белгілі бір нәтижеге әкелуі біршама. Посткеңестік кеңістіктің әлеуметтік-саяси тәжірибесі көрсеткендей, элитарлық қақтығыс міндетті түрде өзгеріске, әсіресе саяси режимнің өзгеруіне алып келмейді. Керісінше, жиі кездесетін жағдайлар, әсіресе са-

яси тәжірибеде, элитааралық соқтығыстар саяси режимнің мықты кезінде болып тұрады.

Қазіргі кезде Қазақстандағы саяси режимді гибриді модельге жатқызуға болады, бірақ кейбір кезде авторитарлық көріністер де байқалып қалады. Жалпы, жоғарыда көрсетілген модельдер мен тәсілдер демократиялық саяси реформалау мәселелерін объективті түрде қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, осы процестің келесі жақтарын анықтадық:

– қоғам өмірінде болып жатқан фундаменталды өзгерістерге жаһандану процесі де үлкен әсерін тигізеді, бір жағынан халықтар ұлттық оқшаулану процесіне түссе, екінші жағынан әлемдік мәдениеттің құндылықтарын бойына сіңіріп жатады, басқа сөзбен айтқанда, бәріне ортақ стандарттар мен дәстүрлі құндылықтар арасындағы қақтығыс басталды;

– авторитаризмнен демократияға апаратын саяси өзгерістердің қайнар көзін, көрінісін және бағыттарын түсіндіргісі келетін концептуалды шешімдердің көп варианттылығы.

Қазақстанда нарықтық реформаларды іс жүзіне асырудан бұрын көптеген мемлекеттердің тәжірибелерін жан-жақты қарастырған болатын, оның ішінде түріктердің де, қытайлықтардың да, Оңтүстік-Шығыс Азияның да және басқа да нарықтық өзгерудің модельдерін қарастырған. Нарықтың модельдер және мемлекеттік модельдер әртүрлі болуы мүмкін емес. Өйткені нарықтық өзгерудің бірде біреуі бүтіндей қабылданған жоқ, көшірілмеді, себебі мемлекеттік, мемлекеттік бірегейлік концепциясы өзіне жарамайтын, дұрыс емес реформаларды қабылдамайды. Саяси реформалаудың қазақстандық моделі толығымен «вестерленген» көшірме емес, трансформацияланып жатқан азиаттық қоғамдардың жолын да толығымен қайталамайды, ол посткоммунистік дамудың ерекшеліктерімен және өзінше спецификасы бар, ұлттық-мәдени, саяси және экономикалық даму көріністерімен айқындалады.

Бүгін егемендігімізді алғаннан бері өткен жылдарды пысықтай келе, біз бір тұжырымға келдік. Тарихи даму спецификасына сүйене отырып, Қазақстанның еш уақытта да дамыған Батыс елдерінің органикалық жаңғырту тәжірибесін ала алмайды, сонымен қатар органикалық емес дамушы елдердің жаңғыртуын да қабылдамайды. Мәселен, еңбек утилитарлы әрекет ретінде емес, адамды кемелдендіретін, сыртқы әлеммен гармонияда болуды көздейтін жеке құндылық ретінде қарастырылатын ерекше

еңбек этикасы бар Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің тәжірибесін қарастырайық. Ислам жаңғыртуының белсенді механизм рөлін атқарған Малайзия сияқты елдің немесе байырғы заманнан бері жеке меншік институты дәстүрлі қоғаммен қатар дамып келе жатқан Бразилияның тәжірибесін қабылдау мүмкін емес, ал модернизация процесінде шетелдік қаржының рөлі өте жоғары болып кетті.

Демократизация жолын таңдаған елдердің тәжірибесін зерттегенде, сыртқы факторлардың рөлінің жоғары болғанын әлемдік геосаяси жағдайларды, сыртқы экономикалық және саяси қолдауды, халықаралық нарықты қоса зерделегенде көресің. Шынымен де, кез келген елдегі демократиялық жаңғыртуға осы мемлекеттің сыртындағы өкімет пен институттардың әрекеттері әсер етуі мүмкін. Сыртқы факторлармен, қолайлы халықаралық климатпен демократиялық трансформацияның барысын түсіндіруді абсолюттік шындық деп қабылдауға болмайды, өйткені ондай тәсіл жаһандық және аймақтық (жергілікті) деңгейлердегі процестердің саяси экономикалық және социомәдени негіздерін ескере бермейді. Қазақстанда дамып келе жатқан демократизация процестері, адамға бұрын болған және қазіргі уақытта болып жатқан процестерді игеруге мүмкіндік береді, құндылықтардағы басымдықтарды басқаша қабылдау керектігін көрсетеді. Социомәдени спецификаны талдағанда, елдердің өзіндік ерекшеліктерін, тарихи тағдырының ішкі бірлігін анықтайтын мәдениеттердің конструктивті диалогын да ескерген жөн. Қоғамның полиэтникалық жағдайынан шығатын Қазақстанның спецификасы бірлік пен қоғамдық тұрақтылықты керек етеді. Бұл тарихи қалыптасқан жағдай. Осындай кезеңде біз республиканың суверенитетін нығайту үшін, ұлттық қауіпсіздік пен территориялық тұтастықты сақтап қалу үшін әртүрлі шараларды іс жүзіне асыруымыз керек. Енді бізге азаматтық келісім ғана емес, этникааралық консенсуста, ұлттық сана сезіміміздің әрі қарай дамуы, қазақ халқының ауызбіршілігін қалыптасуы бүгінгі күні өзекті мәселенің бірі болып тұр.

Тарихи тәжірибе көрсеткендей, саяси реформалау өзінің мақсатына қоғамдағы барлық әлеуметтік топтардың құндылық бағдарының талапқа сай өзгеріске түскен, қоғамның саяси мәдениетінің дағдарысын еңсерген жағдайында ғана жетеді. Қазақстан қоғамы азаматтық жағдайға әлеуметтік, топтық, тұлғалық деңгейлердегі құндылық бағдарлар жүйесінің өзгеруіне әкеліп соқтыратын әлеуметтік-экономикалық

және саяси қатынастар салаларының радикалды өзгеріске ұшыраған жағдайында ғана мүмкін.

Мемлекетіміздің экономикалық саласының шынайы дамуы халықтың әлеуметтік жағдайының көтерілуіне әкеліп соқтыратынына кәміл сенеміз. Ол, есесіне, мәдениет деңгейінің жаңаша бағытта қалыптасуына, саяси реформалауға атсалысуға мүмкіндік беретін деңгейге көтерілуіне әкеледі. Әлемдегі қоғамдардың басынан өткен, кейбіреулерінің өтіп жатқан әлемдік мәдениетке ілігу процесі қақтығыссыз өтеді, өркениеттер арасындағы қақтығысқа емес, керісінше, мәдениеттер арасындағы келісімге әкеледі.

Қазақстан әлемде өркениеттер арасындағы қақтығыс пікіріне қарсы тұруды, мәдениеттер мен дін өкілдері арасындағы диалогты жан-жақты қолдауды мемлекеттік саясатқа айналдырған алғашқы мемлекет болып танылып отыр.

Қазақстан азаматтық қоғамның қалыптасу мәселелері. Айтылып кеткен процестердің бәрі болашақта халықтың бойында сана мәдениет пен саяси сананың қалыптасуына әкеліп соқтыруы мүмкін. Әуел бастан, халықтың санасы мемлекет тарапынан жасалған әртүрлі шаралардың жүзеге асырылған жағдайда көтерілсе, кейін белгілі бір деңгейде жүргізіліп отырған саяси реформалауды жүзеге асыруға атсалысады. Сөйтіп, экономикалық болсын, әлеуметтік болсын не болмаса рухани салалардың дамуын тездеті түседі.

Бұл процестерге көршілес елдердің саяси мәдениеті айтарлықтай ықпал етеді. Еуропада кең тараған индивидуализм біздің қоғамымыздың элементануының ұжымдық санасына ықпал ете бастады. Аталған контексте, қалыптасып келе жатқан азаматтық қоғамның трансформациясы туралы түсінік өзгеруі мүмкін және онсыз өмірлік мәселелерді тиімді шешу мүмкін емес және аталған жайт азаматтарды ұжымдық формада біріктірудің жаңа әрі жоғары деңгейі болып табылады.

Кеңестік ұжымдықта адамның еркіндігі ұжым қабылдаған міндеттермен шектелетін. Ол ұжым өкілдерін жойды, адамдардың шығармашылығына және бастамаларына шектеу арқылы тұлғаның орнына индивидтерді қалыптастырды. Ұжымнан шығу мүмкін емес еді, тек одан қуылуы ғана мүмкін болатын.

Азаматтық қоғам мүдделеріне қатысты міндеттерді шешу үшін біріккен еркін адамдар керек. Америкалық философ Дэвид Боудың пайымдауынша, «индивидтер қауымдастықтан пайда болмайды, қауымдастық индивидтерден пайда болады» [4]. Яғни, жеке мүддені емес

мемлекеттің мүддесін білдіретін, мемлекеттің бақылауында қалыптасқан ұжымнан өзгеше адамдар ұжымы саналы түрде құрылады, бұны шынайы қауым деп айтуға мүмкіндік береді.

Адам азаматтық қоғамды қоғам немесе мемлекет тарапынан қандай да бір санкциялардың болуынан күдіктенбей еркін түрде шығып кете алады. Демократиялық емес режим жағдайындағы қоғамдық бірлестіктерді азаматтық қоғамдағыдан түбегейлі айырады. Сол себептен де, азаматтық қоғамды қалыптастыру үшін өзінің мүддесін сезіне алатын және оны іс жүзіне асыру үшін белсенді әрекеттер жасайтын еркін индивид қажет. Және де аталған индивидтің еркіндігі мемлекеттік, класстық немесе корпоративтік емес, аталған қоғам қабылдаған мораль және құқық нормаларымен шектеледі. Ондай индивидті қалыптастыру – қоғамның демократияландыру жағдайында аса қажет.

Біздің қоғамымыздағы ұжымдылық келесідей жолмен дамуы мүмкін: еркін адамның рөлі индивидтің билігі ұжымнан артық болған кезде өсе бастайды. Еркін адамның дамуы саяси процестің белсенді субъектісі ретіндегі азаматтың идентификациясы процесінде бірінші дәрежелі фактор болып табылады. Нәтижесінде ұжымдық форма басқаша формаға енеді – ол айтарлықтай азаматтық қоғамның құрылымына сай келе бастайды, коллективистік норма диктатасынан босап, мемлекетке қатысты автономияны дамытады. Аталған азаматтық қоғамның автономиясы демократияның және сәтті реформаларды іске асыруда маңызды қажеттілік болып табылады.

Конституцияда анықталған жаңа институционалдық тәртіп, өзімен бірге оның структуралық элементтерінің легитимділігін тартады, оған қоса оның тәжірибелік бұйрығына (императив) құқықтық сипат бере отырып, адамды және азаматты да тартады. Осыған қатысты, негізгі заңдағы заңи кірістірілген *адам құқығы және азаматтық құқығы* деген жаңа бөлімдер пайда болуы кездейсоқтық емес, тәжірибелік қызметте индивид өзінің қажеттіліктерін қанағаттандырады және отандастарымен жүріс-тұрыстарын келісімдер негізінде үйлестіреді.

Азаматтықты нығайту үшін, мемлекеттік патернализмді әлсірету үшін қазір өзін-өзі реттеу механизмі қалыптасуда, экономиканы демонополизациялау міндеттері шешілуде, жекешелендіру, яғни *нарықтық экономикаға практикалық өту мәселелері шешілуде*.

Бұл жолда жаңа азаматтық құрылымдар мен мемлекеттік билік арасында оңай емес қатынас қалыптасуда. Мемлекеттік аппарат әрқашан аза-

маттық ассоциацияларды саяси периферияға ығыстыру арқылы, өз құзыреттерін кеңейтуге тырысады.

Басқарушы элита арасында бар және азаматтық институттарды демократиялық қызмет істеуін қолдайтын жақтастарының аз емес екенін жоққа шығаруға болмайды. Президенттік құрылымда азаматтық бірлестіктердің белсенді қалыптасуына және олардың әлеуметтік процестерді басқаруға қатыстыру қажеттілігін түсінуде. Шын мәнінде, тек еркін адам ғана экономикасының дамуын қамтамасыз етуге қабілетті және нәтижесінде мемлекеттің гүлденуіне алып келеді.

Сол себептен де азаматтық қоғамның қалыптасуы белсенді серпінді ақылды ойлайтын азаматсыз мүмкін емес. Жаңашыл қоғамда биліктің легитимділігі айқын келісімдер немесе қоғамдық құндылықтарды түсіну есебінен емес көбіне пассивті азаматтар есебінен қамтамасыз етіледі.

Азамат принципті тұрғыда *боданнан* (подданный) ерекшеленеді, соңғысы үшін мемлекеттен қандай да бір көмекті күту тән және өзінің үмітін, мүдде мен талпыныстарын өзінің еңбегі мен мүмкіндіктерімен емес, тек мемлекеттің қызметімен байланыстырады. Сол себептен де келесідей негіздеуге болады, бодандықтан азаматтыққа жол – бұл еркіндікке жол. Азамат – бұл адам, азаматтық батылдық пен азаматтық абыройға ие, ашық қоғамның құндылықтарын қорғауға және қажет жағдайда ол үшін күресуге дайын адам.

Азаматтық қоғам *этноаймақтық* сипатқа ие және әсіресе еуразиялық полиэтникалық Қазақстанда ерекше білінеді. Азаматтық қарым-қатынастардың даму шарттары бойынша және әр аймақ арасындағы кемелдену жағдайындағы ажырау өте жоғары. Аталған жайт, қазіргі Қазақстанның саяси кеңістігіндегі азаматтық процестің дамуын қиындатады. Аталған контексте біздің қоғамымыздың дамуы үшін бірден-бір вариант тіректі демократиялық тәртіп курсы ұсынылады, сонымен қоса алғанда құқықтық мемлекет, әлеуметтік нарықтық экономика, азаматтық қоғам, жаңа қауіпсіздік жүйесі және еуропалық даму жолы негізіндегі постиндустриалды стратегия.

XX ғ. аяғында кең тараған демократия постворитарлық мемлекеттердің бұрынғы кезеңге қарағанда азаматтық қоғамға тәуелділігін айқындады. Мемлекеттердің посткоммунистік демократизациясы көрсеткендей, азаматтық қоғам концепциясы жеңілдетілді, оның мәні аза-

маттық қоғамды демократияға теңестіру болып табылды. Кейбір зерттеушілердің (Л. Даймонд, А. Смолер, О. Энкарнасьон) қорытындасы бойынша, аталған елдердегі азаматтық қоғам қарама-қайшылық пен шиеленісті туғызды. Азаматтық қоғам деңгейінде демократиялық консенсус негізіндегі ұлттың консолидация тенденциясы дамымай ғана қоймай, керісінше, оның фрагментарлығы күшейеді, конфронтациялық саясат пайда болады. Азаматтық қоғам құрылымында әлеуметтік қайта құрудың тереңдеуі және қоғам өмірінің демократиялық атрибуттарының даму тенденциясы емес, қалыптасқан өмір формасына бейімделуі болады. Мұндай бейімдеу посткоммунистік демократияның кемелденбегенін білдіреді және қоғамның жекелеген топтары мемлекеттік биліктің әлсіздігін өз мүддесіне пайдалану және оны иемдену, қылмыстық тәсілдердің көмегі арқылы пайдаға кенелді. Ресейлік зерттеуші Н.И. Вайнштейннің пайымдауынша [6], «посткоммунистік мемлекеттердегі азаматтық қоғамның болашақтағы дамуы олар жөніндегі оптимистикалық ұсынысты қайта қарау қажеттілігі негізіндегі бұқараны демократиялық тәрбиелеу туралы өзіндік мектеп және қоғамдық-саяси өмірдегі тәжірибеге қосу құралы ретінде қарастыру қажеттілігін туғызады».

Бүкіл ұлтқа керекті талап ретіндегі бұқара санасындағы модернизация туралы Н.Ә. Назарбаев «Тарих ағынында» деген еңбегінде былай деді: «Бұл мәселенің өзектілігінің күші бүгін кейбір либералды ойларды үстіртін қабылдаған ұлттық сананың социалистік және дәстүрлі көзқарастардың күрделі конгломераты ретіндегі көрінісі. Бір қарапайым шындықты ұғынып алу қажет, модернизацияланған сана ұлттыққа қарама-қарсы тұрған жоқ. Керісінше, тек модернизацияланған ұлттық сана біздің ұлттық «Мендіктің» сақталып қалуының кепілі! Себебі қазіргі кәрісті ағылшынмен немесе жапондықты французбен шатастырып алу мүмкін емес. Соңғы онжылдықта жапон ұлты да, кәріс ұлты да ұлттық сананың модернизациясын жоғары деңгейде өткізді. Бұл ғасырдың соңындағы қазақтардың алдында тұрған жалпы ұлттық және консолидациялық міндет болып табылады» [7]. Жаңа ғасырдың басындағы тұрған мақсаттарға да жатады деп қосамыз.

Этносаралық қатынастардың қазақстандық моделінің қалыптасуы. Волюнтаристік жылдар кезеңінде Қазақстандағы ұлттардың, халықтардың, ұлттық және этникалық топтардың ұлттық психологиясына жағымсыз әсер еткені құпия емес. Бүгін қазақстандық мемлекеттілік қазақстандық патриотизм мен азаматтық біре-

гейлікті бір мезгілде нығайтуы этникалық көпалуандылыққа, Қазақстанның барлық этностарының өзіндік тұрмысына негізделген болатын.

Қазақстанның тәуелсіздік кезеңінде, демократиялық қоғамды қалыптастыруда ұлттар жаңа жағдайда өмір сүре бастады, әрине олардың әлеуметтік – экономикалық саласы және рухани, әлеуметтік – саяси бейнесі өзгере бастады. Соның нәтижесінде Қазақстанның әрбір ұлтының ұлттық психологиясы өзгерген болатын. Ұлттық психология жаңа қазақстандық мазмұнға тола бастады, өмір сүріп отырған құрылымға қарсы немесе жабық формада ұлттық психологияда өмір сүрген белгілер мен сипаттарға ие болды. Қазіргі кезеңдегі біздің қоғамның сәтті дамуының қозғаушы, әрекеттенуші күші, жылдамдатудың шешуші факторының бірі қазақстандық патриотизм мен халықтардың достығы деп бекітілгені белгілі.

Бір кездерде көптеген сарапшылар Қазақстанда айтылған этносаралық интеграцияны өзекжарды деп айтатын, ал этникалық және мемлекеттік бірегейлік жанама түрде өту керек. Дегенмен де, жиырма жылдан бері уақытта біздің байқайтынымыз мұндай саясат жастарымыздың бойында патриоттық сезімді, еліне, Отанына деген сүйіспеншілікті туғызбай, керісінше жастардың басым көпшілігі көшіқон процесіне ұшырауды армандап бақытын шетелдерде іздеп жүр.

Қазіргі кезде Қазақстанның алдында тұрған міндеттердің бірі әрбір халықты, этникалық топтарды біріктіретін жалпыға ортақ ойларды және этносаралық келісімнің принциптерін табу және оны, халықтың әлеуметтік экономикалық жағдайы қиындай түспей тұрғанда, іс жүзіне асыру болып табылады.

Қазақстандағы этникалық топтардың басым көпшілігіне тән саясат – өз тілдерін, мәдениетін, салт-дәстүрлерін сақтап қалу, осы мақсатта оқшаулану саясатын ұстануда, сондықтан да олардың бойында қазақстандық азаматтық бірегейлік қалыптаса қойған жоқ. Бір жағынан олардың саясаты дұрыс және олардың саясаты мемлекет тарапынан қолдау көріп отыр, екінші жағынан бірегейлік мәселелесін шешу үшін оларды біртіндеп қазақстандық қоғамға ортақ бір ойды қабылдауға итермелегенді жөн көреміз. Ондай ойлардың негізінде ата заманнан бері келе жатқан тұрғылықты халықтың тарихы, салт-дәстүрлері болуы керек. Сонымен қатар қазақ тілінің қолданылу аясы да кеңейтілуі керек. Бұл процеске көптеген этникалық топтардың сана сезімдері мен мәдениет деңгейлері қазіргі заманға сай деңгейде болуы керек. Өтпелі кезеңде этносара-

лық келісім субъектілері саяси белсенділікті былай қойғанда әлеуметтік белсенділікке жақын-дай түскені маңызды.

Егемендік, тәуелсіздік принциптері, әлеуметтік әділеттілік, мемлекеттегі ұлттардың экономикалық және мәдени даму деңгейлерінің теңдестірілуі, этносаралық келісім, гуманизм, қазақстандық халықтың бірлігі, адам құқығының сақталуы қай уақытта іс жүзіне асуы мүмкін?

Бір жағынан тұлғаның белгілі бір әрекеттерді орындауға психофизикалық жағдайы, ал екінші жағынан, адамның саяси сана-сезімі мен мәдениеті қалыптасқан кезде дайын болғанда.

Теорияға салсақ, халықтың саяси сана-сезімі мен саяси мәдениеті көп жағдайда жалпы мәдениет деңгейі мен мәдениетінің деңгейі жоғарлағанда мүмкін, ал халықтың сана-сезімі олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсарған кезеңінде қалыптасады. Қазіргі кезде мемлекетіміздің жасап отырған әрекеттерінің салдарында еліміздің экономикалық даму жылдамдығын тездетуінің куәгері болып отырмыз. Мемлекет тарапынан жасалып отырған саясаттың нәтижесінде көп ұзамай белгілі бір саяси сана-сезімнің деңгейін байқайтын боламыз. Сөйтіп азаматтық қоғамның қалыптасуына алғышарттар жасалынады, ал саяси процестерді төменнен ынталандырудың көптеген жағымды жақтарын байқаймыз.

Халықтың сана сезімінің қалыптасуын Қазақстандағы этностық топтардың арасында пайда болған проблемалары, күш, қарама-қайшылықтар, бір-біріне қарсы тұру позицияларынан емес, ұлттық және жалпықазақстандық мүдделер позициясынан саналы түрде шешілуінен көретін боламыз.

Қазақстандағы этносаралық келісімді толықтай жүзеге асырушы тұлға бірден тумайды, ол қалыптасады. Оны қалыптастыру процесі ұзақ та қиын. Тәжірибелік оқыту, білім және тәрбие қазақстандық тұлғаға негізгі әсер ету тәсілі болып саналады. Сонымен қатар тұлғаның әлеуметтенуіне байланысты кезектілік сақталады, ең басты ол саяси әлеуметтену.

Мысалы, адам табиғатынан тәрбиелене алатын балалық шағында ұлттық-саяси құндылықтар қалыптаса бастайды. Қазақстандық қоғамдағы әрекеттердің негізгі нормалары, ережелері, саяси әлемге, қоғамға, адамдарға деген қарым-қатынастар осы кезеңде қалыптасады. Сонымен қатар адамның құндылықтық жүйесінің қалыптасуы тек адамгершілікті – саяси құбылыс ретінде ғана өтпеуі қажет. Осы тұлғалық құндылықтардан басқа балалық шақта адамның еліне деген патриоттық құндылықтардың негізі қаланады. Қазақстандағы этносаралық келісім фундаментінің кірпіштері әлі қаланып келе жатыр. Ал қазіргі этносаралық келісім процесінің ұлттық идеологиямен байланысуы үшін біраз уақыт қажет.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. – Алматы: Өнер, 1996. – С.150.
- 2 Хантингтон С. Политический порядок в меняющихся обществах. – М.: Прогресс-Традиции, 2004. – С. 480.
- 3 Мельвилл А. Опыт теоретико методологического синтеза структурного и процедурного подходов к демократическим транзитам // Полис – 1998. – № 2. – С. 19.
- 4 Гельман В. Трансформация в России: политический режим и демократическая оппозиция. Серия «Монография», № 7. – М.: Московский общественный научный фонд, – 1999. – С. 149-150.
- 5 Боуз Д. Либертарианство: история, принципы, политика / пер. С англ. – Челябинск, 2004. – С.18.
- 6 Вайнштейн Г.И. Закономерности и проблемы посткоммунистических трансформаций // Политические институты на рубеже тысячелетий. – Дубна, 2001. – С. 166.
- 7 Назарбаев Н.А. В потоке истории. – Алматы: Атамұра, – 1999. – С. 55.

Reference

- 1 Nazarbaev N.A. Na poroge XXI veka – Almaty: Oner, 1996. – S.150.
- 2 Hantington S. Politichesky poryadok v menyashuxsya obshestvah. – M.: Progress-Tradicii, 2004. – S. 480.
- 3 –Melvill A. Opyt teoretiko-metodologicheskogo synteza strukturnogo I procedurnogo podhodov k demokraticeskym tranzitam // Polis, 1998. – № 2. – S. 19.
- 4 Gelman V. Transformatsiya v Rossii: politicheski rezhim I demokraticeskaya oppozitsiya. Serya «Monografya», № 7. – M.: Moskovski obshestvenni nauchni fond, 1999. – S. 149-150.
- 5 Bouz D. Libertarianstvo: istorya, principii, politika / per. S angl. Chelyabinsk. – 2004. – S.18.
- 6 Vaynshtein G.I. Zakonomernosti I problem postkommunisticheskikh transformacii // Politicheskiye institute na rubezhe tisyacheleti. – Dubna, 2001. – S. 166.
- 7 Nazarbaev N.A. V potoke istorii. – Almaty: Atamura, 1999. – S. 55.